

Артықбаева Айжан Ержанқызы – докторант образовательной программы «Управление проектами», Satbayev University, Алматы, Республика Казахстан, email: artykbaeva.aizhan@gmail.com, ORCID: 0000-0001-5208-2384*

Борашова Шолпан Маликовна – магистр управления проектами, Astana IT University, Нур-Султан, Республика Казахстан, email: sholpanborashova@gmail.com, ORCID: 0000-0001-7343-0392

MPHTI 06.01.11

JEL Classification: A13, F13

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-2-57-68>

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДА ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

А. Н. Жанбырбаева¹, Р. А. Кузембекова¹, Л. М. Байтенова^{2*}

¹Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы Энергетика және Байланыс Университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – әлемдік білім беру жүйесінің дамуындағы инновациялық тенденцияларды және оларды Қазақстанда енгізу мүмкіндіктерін зерделеу.

Әдіснамасы. Авторлар зерттеу жүргізу кезінде жүйелік, абстрактілік, салыстырмалы зерттеу, сандық мәліметтерді талдау әдістерін пайдаланды. Зерттеудің ақпараттық базасы Ұлттық статистика бюросы және басқа да ресми ақпарат көздері, алдыңғы зерттеу нәтижелері бойынша мәліметтерді болып табылады.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін дамытудың өзекті мәселелері және оларды шешу үшін шет мемлекеттердің тәжірибесін қолдану мүмкіндіктері айқындалды.

Зерттеу нәтижелері. Шетел мемлекеттерінің тәжірибесі негізінде Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін инновациялық дамытуын ілгерілету бойынша ұсыныстар әзірленді.

Түйін сөздер: жоғары білім беру жүйесі, білім беру жүйесі мәселелері, инновациялық тенденциялар, шетелдік тәжірибе.

КІРІСПЕ

Әлемнің көптеген елдерінде білім беру басты мемлекеттік басымдықтардың біріне айналды. Олардың басым бөлігі бүгінде жаһандық бәсекелестік ортада жаңа талаптарға жауап беретін икемді модельді жоғары білім беру жүйесін құруға ұмтылып, тереңдетілген өзгерістерге көшті. Бұл ретте негізгі мақсат – жоғары оқу орындарының (ЖОО) бейімделу әлеуетін арттыруға инфрақұрылымды, оқыту әдістері мен технологияларын жаңарту, педагогикалық үдерісті жетілдіру, профессорлық-оқытушылық құрамның сапасын арттыру арқылы қол жеткізу негізі жоспарлануда. Нарық талаптарына жауап беретін жоғары білікті кадрларды даярлау үшін білім беру жүйесін жетілдірмей жекелеген салаларды және жалпы экономиканы дамыту мүмкін емес.

«Әлемдік білім» ұғымы соңғы уақытта жиі қолданылады. Қазіргі әлемдегі білім беру жағдайы күрделі және сан тарапты болуда. Бір жағынан, білім адам қызметінің маңызды бағыттарының біріне айналды. Өзінің ауқымы бойынша адамзат өмірінің бұл саласы әлемдік экономикадағы ең ірі тармақтардың бірі болып табылады. Қазіргі кезде білім саласындағыдай көптеген адам жұмыс жасайтын сала

жок. Екінші жағынан, білім беру саласының кеңеюі және оның мәртебесінің өзгеруі ондағы проблемалардың шиеленісуімен бірге жүреді, бұл білім беру дағдарысын көрсетеді. Соңғы онжылдықтарда білім берудегі дағдарысты еңсеру жолдарын іздеу процесінде жаңа білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған осы салада түбегейлі өзгерістер орын алуда.

Білім беру жүйесінің ақпараттық ашықтығы және қоғамдық пікірді ескеру қажеттілігі білім беру саласындағы барлық заң жобаларын кеңінен қоғамдық талқылауды, шешімдерді қабылдау кезінде келіп түскен ұсыныстарды пайдалануды, сын-ескертпелерді есепке алуды айқындайды.

Білім беру жоғары білім беру жүйесінде ерекше маңызы бар білім беру ұйымдарының дербестігі қағидаты негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Білім беру мекемесінің дербестігі деп оның кадрларды іріктеу процесі мен орналастырудағы, оқу, ғылыми, қаржы-шаруашылық және тағы басқа да қызметті жүзеге асырудағы заңнамаға және оқу орнының жарғысына сәйкес дербестігі түсініледі [1].

Әдебиеттерге шолу. Білім беру мәселелерін институционалдық талдау жалпы теориялық жұмыстарда, жалпы әлеуметтану, әлеуметтік институттардың әлеуметтану саласы бойынша, белгілі ресейлік авторлар В. В. Годин, А. И. Кравченко, В. И. Звонников, және т. б. еңбектерінде қарастырылады [2-4].

Қазақстандық ғалымдар Р. А. Алшановтың еңбегінде кеңестік кезеңдегі Қазақстанның жоғары мектебі дамуының тарихи аспектілері көрсетілген. Қазақстандық білім беру жүйесінің дамуына талдау А. П. Лиферовтың еңбектерінде жан-жақты талданып ұсынылды [5; 6].

Посткеңестік кезеңде қазақстандық жоғары мектепті жаңғыртудың түрлі мәселелеріне арналған жұмыстар жеке топқа бөлінеді. Бұл топқа Ж. Д. Дәдебаев, Р. А. Нұртазина және т. б. зерттеулер ұсынылған. Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігіне, Болон процесі контекстінде Қазақстандағы жоғары білім беруді реформалауға Г. А. Лукичевтің, А. А. Нұрмағамбетовтың және т. б. жұмыстары арналған [7-10].

Қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде жоғары білім беру жүйесін реформалау процестерін зерттеу үшін теориялық негіз құрылды, бірақ жоғары мектеп жүйесін басқару мәселелері жеткілікті терең зерттелмеген.

Мемлекеттік және экономикалық саясаттың негізгі тенденцияларын ескере отырып, жалпы теориялық көзқарастар негізінде жүргізілген ғылыми зерттеу уақыт талаптарын ескере отырып, білім беру жүйесін реформалаудың ерекшелігін негіздеуге, оны жетілдіру мен дамытудың жалпы тенденциясын, оның ішінде қызметтің әртүрлі бағыттары бойынша жеке тұжырымдамаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Тұңғыш президент Н. Ә. Назарбаев халыққа жолдауында көрсеткендей: «Келешекте өркениеті дамыған мемлекеттердің санатына қосылу үшін қазіргі заманға сай білім керек. Елімізді дамыған 50 елдің сатысына көтеретін, терезесін тең ететін – ол білім болып табылатындығы анық» [11]. Сол себепті, қазіргі ілгерілеу кезеңінде білім беру саласының оқу процесін цифрландыру міндеттерін басты назарға алып отыр. Білім берудің әр алуан технологиялары сараланып, жаңа форматтағы педагогтардың әдіс-тәсілдері зерделеніп, сараланып, зерттеліп білім беру жүйесіне енуде.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Білім беру шетелдердің бүкіл өркениетті мемлекеттерінде дамудың басты негізгі бағыт-бағдары және басты индикаторы болып қалады. Шындығында, мемлекеттер тауарлар және көрсетілетін қызмет түрлерімен ғана бәсекелеспейді, яғни, елдер қоғамдық құндылықтардың жүйесімен және білім беру жүйесімен бәсекелеседі. Қазақстанда жоғары технологияны меңгерген, басқару қабілеті жоғары, нарықтық экономикада бағдарлай алатын жоғары білікті мамандар және тиімді білім болса, Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттер санатына қосылу міндетін шешуге болады.

Қазақстандағы жоғары білім жүйесінде қазіргі таңда көптеген өзекті мәселелері бар. Олар:

1. Сапалы кадрлардың жетпеуі;
2. Қаржыландырудың жетіспеушілігі;
3. Жоғары білім беру орындарының автономиясының жоқтығы;
4. Сапалы университеттердің санының аздығы;
5. Оқу ақысының жоғары болуы;
6. Жемқорлықтың болуы.

Соңғы жылдары университеттердің бәсекелестілігін арттыру мақсатында, оқу орындары мемлекет тарапынан тексерістерден өткізуде. Тексеріс барысында сапасы білім беру стандарттарына сәйкес келмеуіне байланысты кейбір университеттер жұмыстарын тоқтатуда. Бірақ университеттер азайғанымен, халық саны жыл сайын көбеюде. Қазір туылған азаматтарға болашақта университеттер қажет болады. Осы аяда «Қазақстан университеттері екі есе көп көлемде студенттерді қабылдай ала ма?» – деген сұрақ пайда болады.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасында дүниеге келгендер саны

Жыл	Қазақстан Республикасында дүниеге келгендер саны	Болжам периоды	Болжам
2000	222 054	2022	465 097
2001	221 487	2023	475 550
2002	227 171		
2003	247 946		
2004	273 028		
2005	278 977		
2006	301 756		
2007	321 963		
2008	357 555		
2009	356 261		
2010	367 707		
2011	372 690		
2012	381 153		
2013	387 256		
2014	399 309		
2015	398 458		
2016	400 694		
2017	390 262		
2018	397 799		
2019	402 310		
2020	426 824		
2021	450 652		
Ескерту – [12] дерекөз негізінде авторлармен құрастырылған			

Статистика бойынша жыл сайын туу саны ұлғайып жатыр. Бұл демографиялық өсімге жағымды әсер береді. Бірақ, сонымен қатар бұл әлеуметтік салаға қосымша жүктеме болады. Ол дегеніміз – балабақшаның, мектептердің, жоғары оқу орындарының және тұрғылықты үйлердің жетіспеушілігі. Жаңа туылған бала 17 жылдан кейін студент болады. Сол себепті білім беру саласы үшін туу көрсеткіші өте маңызды. 1-кестеде көрсетілгендей, 2000 жылдан бастап 222 054-тен 2021 жылы 450 652-ге өскенін байқай аламыз. Сонымен қатар, 2022 және 2023 математикалық болжауға сәйкес, бұл өсім ары қарай жалғасатынына көз жеткіземіз. Төмендегі 2-кесте арқылы өсім ерекшелігін салыстырмалы түрде көре аламыз.

Кесте 2 – Қазақстан бойынша жоғары оқу орындарының саны

Жыл	Қазақстан бойынша жоғары оқу орындарының саны	Болжам периоды	Болжам
2000	170	2022	109
2001	185	2023	105
2002	177	2024	102
2003	180		
2004	181		
2005	181		
2006	176		
2007	167		
2008	143		
2009	148		
2010	149		
2011	146		
2012	139		
2013	128		
2014	126		
2015	127		
2016	125		
2017	122		
2018	124		
2019	125		
2020	125		
2021	122		
Ескерту – [12] дерекөз негізінде авторлармен құрастырылған			

Жоғарыдағы статистикада Қазақстан бойынша жоғары білім беру орындарының саны көрсетілген. Статистикаға сәйкес 2000 жылдан бастап жоғары оқу орындарының саны азайып жатқанын байқай аламыз. Сонымен қатар, авторлық болжам бойынша, 2022 жылы жоғары білім беру орындарының саны 122-ден 109-ға түседі деп күтілуде. Жоғары оқу орындарының көптеп жабылуының басты себебі, олардың бәсекеге қабілетсіздігі. Қазақстандық университеттердің көбісі сапалы білім бере алмайды. Қазіргі таңда сапасы төмен университеттерді мұқият тексерістерін өткізіп, егерде тексерісте қателіктер кездессе, университет басшылығына ескерту беріледі. Қайта тексерісте ештеңе өзгермесе, университет лицензиясынан айырылады. Сонымен қатар, білім министрлігі әр университет белгілі бір профиль бойынша мамандарды шығаруын қолдайды. Соның аясында 2020 жылдың күз айының басында Білім және ғылым министрлігі (БҒМ) 25 ЖОО-дан 60 мамандық бойынша лицензияларды қайтарып алды. Қаңтар айында БҒМ 500 мамандық бойынша лицензияларды бүкіл ел бойынша 196 колледжден қайтарып алу туралы хабарлады. Сонымен қатар, 2020 жылы Республикалық комиссия 36 жоғары оқу орнын гранттарды орналастыру конкурсына жібермеді. Бұл өзгерістер арқылы университеттер тағайындайтын мамандардың сапасы артады деп күтілуде. Төмендегі 3-кесте арқылы Қазақстан бойынша жоғары оқу орындарының санын көре аламыз.

Кесте 3 – Жоғары білім беру ұйымдарының студенттерді қабылдауы

Жыл	Жоғары білім беру ұйымдарының студенттерді қабылдауы	Болжам периоды	Болжам
2000	135 454	2022	142 673
2001	155 754	2023	140 832
2002	174 128	2024	138 992
2003	183 146		
2004	221 732		
2005	206 970		
2006	188 460		
2007	182 356		
2008	170 260		
2009	181 605		
2010	201 557		
2011	197 228		
2012	120 408		
2013	119 333		
2014	125 362		
2015	115 195		
2016	147 692		
2017	138 378		
2018	163 336		
2019	163 494		
2020	152 789		
2021	159 804		
Ескерту – [12] дерекөз негізінде авторлармен құрастырылған			

Жоғарыдағы 3-кесте бойынша, 2000 жылдан бастап жоғары оқу орындарына қабылданған студенттердің санын көре аламыз. Статистикалық мәлімет бойынша 2004-2011 жылдармен салыстырмалы түрде жоғары оқу орындарына қабылданған студенттері кеміді. Жыл сайын Қазақстан Республикасына оқуға түсетін талапкерлер саны қысқаруда. Контингенттің қысқаруы демографиялық себептерге, Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) өту балының өсуіне ғана емес, сонымен қатар оқу құнының өсуіне де байланысты. Туу көрсеткіші өскеніне байланысты демографиялық себеп болашақта кедергі бола алмайды. ҰБТ өту ережесін жыл сайын жеңілдетуде. Мысалы, 2021 жылдан бастап ҰБТ екі рет тапсыруға болады. Ең жақсы нәтиже, негізгі болып саналады. Жоғары оқу орындарына түсетін студенттердің санының азаюының басты себебі оқу ақысының жоғарылығы болып тұр. Өкінішке қарай мектеп бітірген түлектер, мемлекеттік грантқа ілікпеген жағдайда, шетелдердегі оқу орындарын таңдайды. 2011 жыл шетелдерде оқитын Қазақстан студенттерінің саны 43 мың болған, ал, бұл көрсеткіш 2017 жылы 90 мыңға дейін жетті, яғни, екі есеге дейін артқаны белгілі. Себебі Қазақстандағы білім ордаларының оқу ақысы тым жоғары және де көп оқу орындарының білімі өте төмен. Қазақстанда жоғары оқу орындары халықтың қалтасы көтере алатын көлемде болуы тиіс. Егерде оқу ақысын түсіру мүмкін емес болса, мемлекеттен студенттерге жеңілдетілген несие бағдарламасын енгізу қажет [13].

Бұл жаңашылдықтардан бөлек мәжбүрлі өзгерістер де орын алды. Алдыңғы жылдары орын алған пандемияның әсерінен Қазақстанның бүкіл жоғары оқу орындары қашықтықтан оқу форматына көшуге мәжбүр болды. Қашықтықтан білім беру дәстүрлі білім беру жүйесімен бәсекеге түсе алатындығын көрсетті. Оның үстіне, ол онлайн-оқыту жағына жалпы әлемдік жылжудың драйверіне айналды.

Қашықтықтан онлайн білім алу үшін интернет байланысы компьютер немесе ноутбуктың болуы өте маңызды. Пандемия кезінде алыс шалғай ауылдарда тұратын студенттерге онлайн оқу мүмкін емес екеніне көзімізді жеткіздік. Жалпы Қазақстанда халықтың әлеуметтік жағдайының төмендігі, интернет жүйесінің әлсіздігі байқалды. Төмендегі 4-кесте бойынша Қазақстандағы жоғары білім беру орындарындағы интернетке қолжетімді компьютерлердің санын көре аламыз. Ақпарат қазіргі уақытта біршама ескіргенімен, компьютерлердің саны өсудің орнына, жылдан жылға кемігені байқай аламыз.

Пандемияның әсерінен университеттердің басшылығы және білім беру министрлігі интернет пен компьютердің қажет екеніне көз жеткізді. Сондықтан университеттердегі компьютерлерге қаражат бөлінуі әбден мүмкін.

Кесте 4 – ЖОО-дағы интернетке қолжетімділігі бар компьютерлер саны

Жыл	ЖОО-дағы интернетке қолжетімділігі бар компьютерлер саны	Болжам периоды	Болжам
2017	71 580	2020	69 883
2018	71 381	2021	69 272
2019	70 357	2022	68 660

Ескерту – [12] дерекөз негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғары технологиялық бағыттар бойынша жоғары білікті мамандарды даярлауды мақсатты түрде жүзеге асыруы керек. Тапсырыс беруші ретінде экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындар әрекет етуі және өз жауапкершілігіне алуы керек. Сонымен қатар, ұлттық экономиканың талаптарына сәйкес перспективалы ғылымды қажетсінетін мамандарды даярлауды басым негізде қалыптастыру қажет. Жоғары білімі бар, яғни, білімді, білікті, қабілетті адам ғана техникалық үдеріске сай қызмет жасай алады. Ғылыми, технологиялық зерттеулерді мемлекет тарапынан қолдау мақсатында болашаққа бағытталған инвестициялар болғандықтан, сарапшылардың деректері бойынша қаржыландыруды арттыру қажет. Осылайша, жоғарыда аталған проблемаларды шешуге тікелей мемлекеттік араласу арқылы қол жеткізіледі. Жоғары оқу орындарының жоғары сапалы түлектерін даярлау жөніндегі жұмыс көп қырлы міндет болып табылады және бірінші кезекте оқытушылар корпусын қамтуға тиіс, өйткені түлектердің кәсіби тағдыры да соңғысының тиімді және озық білімдеріне байланысты.

Ағымдағы жағдайды өзгерту үшін төмендегі ұсыныстар бар:

1) Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін жоғары білімді қолжетімді ету керек. Қазақстанда студенттерге мемлекеттік гранттарды бөлу процесінде әлі күнге дейін студенттің оқу сапасына, үлгеріміне («еңбегіне негізделген жүйе»), отбасының материалдық жағдайлары ескерілмей қаралады. Сол себептен гранттарды бөлу үрдісінде әлеуметтік-экономикалық факторларды («қажеттілікке негізделген жүйе») ескеруді ұсынамыз. Шет мемлекеттік тәжірибелердегідей, мемлекеттік грантты алуға өтініш беруші түлектің жанұясының орташа жылдық табысы анағұрлым төмен деңгейде болса, соған қарай оны алуға құқығы бар (АҚШ, Бельгия және т. б.).

Қазақстанда 2018-2019 жылдар аралығында студенттердің 30 % мемлекеттік грантпен оқыды. 2015 жылдық статистикалық мәліметпен салыстырғанда 2019 жылы мемлекеттен бөлінген гранттар саны 67 %-ға дейін жетті. Дей тұрғанмен, қалалық жерлер мен ауыл арасындағы көрсеткіштердегі алшақтық [14] Қазақстанның әлеуметтік жағынан осал топтары үшін мемлекеттік гранттарды көбейту үшін гранттарды бөлу процесін қайта қарау қажеттілігін көрсетеді.

2) Несие беру жүйесі – табыс деңгейі аралуан отбасылардың жоғары білімге алуын жеңілдететін шетелдерде мойындалған құралдардың бірі болуда. Мәселен, Ұлыбритания елінде білім беру жүйесінің несиесінің мөлшерлемесі 2 %-дан аспайды, сәйкесінше 100 білім алушының 94-і мемлекет немесе мемлекет тарапынан кепілдеме беретін несиені алады. Олар несиені оқуын бітірген соң қайтарады, ал жағдайы төмен жанұялардан шыққан түлектер несиенің бір бөлігін төлейді [15].

5-кестедегі мәліметтер бойынша шет мемлекеттерде студенттердің көбісі оқудың ақшасын төлеу үшін несиені алады.

Қазақстанда өкінішке қарай білімге арналған несиенің жүйесі тиісті деңгейде дамымаған. Соның әсерінен несиенің ставкасы тіпті АҚШ-пен салыстырмалы түрде тым жоғары. Бұл жерде кедей отбасынан шыққан үміткерлер зардап шегеді. Жоғары білім беру орнына түсу үшін көп оқушыларда ҰБТ балы жетпей жатады. Бұл мәселені шешімі несиені арқылы ақылы түрде университетке түсу. Болашақта АҚШ немесе Ұлыбритания сияқты елдердің бұл тәжірибесін кенірек қолданамыз деп үмітенеміз.

Кесте 5 – Шет мемлекеттердегі білімге берілетін несиелік ставкалары

№	Ел	Мөлшерлемесі	Барлығы студенттер (2018-2019)	Неси алған студенттер пайызы (%)
1	АҚШ	4-8 %	20,5 млн.	74 %
2	Ұлыбритания	2 %-дан көп емес	2,4 млн.	94 %
3	Швеция	1,5-2 %	0,40 млн.	45 %
4	Германия	0 % аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттер несиенің жалпы сомасының жартысын ғана қайтарады	2,86 млн.	18,2 %
5	Қазақстан: ForteBank, Нұрбанк, Тенгри банк, Сбербанк	10 % - 20 %	542 458	1 %-дан аз
Ескерту – [15] дереккөзі.				

3) Университеттердің санын көбейту немесе шетелдік университеттердің филиалдарын ашу. Жоғары оқу орындарының саны оқушылардың әртүрлі контингентін көрсетеді. Көптеген елдер академиялық кадрлардың санын көбейтті, дегенмен бұл білім алушылардың санының өсуіне не болмаса кемуіне байланысты емес. Кейбір басқа мемлекеттерде 50 жастан асқан профессорлық-оқытушылық құрамның айтарлықтай үлесі бар, енді олар педагогикалық кадрлар контингентін жаңарту проблемаларына тап болуы мүмкін. Еуропалық жоғары білім кеңістігінің (ЕЖБК) баяндамасының статистикалық мәліметтеріне сай білім беру қызметін іске асыруды негізінен 11-ден 100-ге дейін жоғары оқу орындары жүзеге асыруда. Қазақстан Ұлыбритания, Түркия және Португалиямен бірге жоғары білім беретін оқу орындарының саны 101-200 бірлікті құрайтын елдер санатына кіреді. Соңғы жылдары Қазақстанда жоғары оқу орындары тым көптеген теріс пікір қалыптасқан. Бұл пікір қате, себебі статистикалық ақпараттар бойынша 2018-2019 оқу жылында Қазақстанда 1 млн. тұрғынға 7 ЖОО-нан келеді. Салыстырмалы түрде алғанда, Малайзияда 1 млн. адамға екі есе көп университеттер бар (Кесте 6):

Кесте 6 – Шет мемлекеттердегі 1 млн. халыққа шаққандағы университеттер саны

Көрсеткіштер	Малайзия	АҚШ	Франция	Ресей	Қазақстан	Қытай
Университеттер саны	494	4360	562	1171	124	2596
1 млн. халыққа шаққанда университеттер саны	16	13	9	8	7	2
Ескерту – [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған						

Жоғарыдағы кесте бойынша Қазақстандағы университеттер саны көп емес екеніне көз жеткізе аламыз. Сондай-ақ, жоғары білім беретін оқу орындарының мемлекеттің экономикалық ілгерілеуіне әсері дәлелденді және олар қаншалықты көп болса, соншалықты өсу кеңейеді. Мысалы, Ұлыбританиядағы Ұлттық экономикалық зерттеулер бюросының деректері негізінде, университеттер санын екі есе арттыру аймақтағы жан басына шаққандағы ЖІӨ-ні 4 %-ға арттырады.

4) Білім беру саласындағы қаржыландыруды арттыру. Әлемдегі статистика төмендегі 7-кестедегідей мәліметтерді көрсетеді.

Кесте 7 – Шет мемлекеттердегі бір студентке бөлінетін қаражат

Көрсеткіштер	Франция	АҚШ	Малайзия	Қытай	Ресей	Қазақстан
Жалпы ЖІӨ-дегі білім беруге мемлекеттік шығыстардың үлесі	5,5 %	5 %	4,8 %	4,2 %	3,8 %	3,3 %
Бір студентке бөлінетін қаражат, АҚШ доллары	55 732	49 156	13 224	12 714	11 955	8 819
Ескерту – [15] дерекөз негізінде авторлармен құрастырылған						

Кестелерден байқағанымыз, бір студентке 9 мың долларға жуық қаржы бөлінеді. Қазақстандағы білім және қорғаныс саласын қаржыландыру жүйесін салыстырып көрейік. 2020 жылға қарай қорғаныс шығындарының өсімі дерлік 160 млрд. теңгені құрады, ал жоғары білімге жұмсалған қаражаттың өсімі небәрі 10,5 млрд. теңгені құрады (айырмашылық 15,3 есе).

Әлем бойынша статистика негізінде дамушы мемлекеттер қорғаныс саласын емес, білім саласын дамытуға қаржыны көп бөлетіндігі байқалады. Малайзия қорғанысқа 3,47 млрд. доллар, білім беруге 45,4 млрд. доллар жұмсайды – 13,1 есе көп. Оңтүстік Корея қорғаныс саласына 43,1 млрд. доллар, білім беруге 349,2 млрд. доллар – 8 есе көп. Грузия қорғаныс саласына 0,33 млрд. доллар, білім беруге 1,71 млрд. доллар – 5,2 есе көп. Қазақстан қорғаныс саласына 1,57 млрд. доллар, білім беруге 5,1 млрд. доллар – небәрі 3,2 есе көп.

Қаржыландыруды көбейту арқылы университеттердегі компьютер және интернет байланысын жақсартуға болады. Біз көз жеткізгендей, бұл – Қазақстанда жоғары оқу орындарының бірден бір мәселесі.

5) Университеттерге автономия беру. Ереван коммюникесінде еуропалық жоғары білім кеңістігінің (ЕЖБК) жаңартылған көзқарасының негізі ретінде ортақ құндылықтар атап көрсетілген. Атап айтқанда, Министрлер жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігі мен автономиясын атап өтеді, ал ЕЖБК құндылықтары білім алушылар мен өзге де мүдделі тараптардың демократиялық басқару мен жоғары білімді басқаруға қатысуын қамтиды.

ЕЖБК (Еуропалық жоғары білім беру кеңістігі) елдерінде жоғары білімнің атқарушы басшылары мен қызметкерлерін тағайындау және жұмыстан босату туралы бірыңғай жағдай байқалады. Қазақстан 17 елмен қатар Үкімет атынан уәкілетті орган не болмаса мемлекет президенті ректорларды тағайындай және жұмыстан босата алатын елдерге кіреді. Қазақстаннан басқа бұл тізімге Армения, Люксембург, Беларусь, Украина Латвия, Ресей, Швеция, Молдова, Румыния, Албания, Әзірбайжан, Чехия, Венгрия, Италия, Словакия, Түркия, және Ватикан кіреді. Қазақстан жоғары оқу орындарының академиялық құрылымдары, мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер, студенттер және аккредиттеу агенттіктері білім беру бағдарламаларын әзірлеуге жиі қатысатын елдер санатына жатады. Бұл ретте бағдарламаларды әзірлеу туралы шешімді ЖОО қабылдайды.

ЕЖБК-нің барлық 50 елінде жаңа оқу бағдарламаларын әзірлеуге жоғары оқу орнының ішкі академиялық құрылымдары жиі қатысады. Сондай-ақ, жұмыс берушілер – 38 елде; студенттер – 29 елде; сапаны қамтамасыз ету агенттіктері – 26 елде; үкімет – 17 елде; және кәсіподақтар – 16 елде қатысады. Осыған ұқсас көрініс жаңа оқу бағдарламаларын дайындау туралы шешім қабылдауға қатысты. 45 елде бұл шешімдерді жоғары оқу орындарының ішкі академиялық құрылымдары қабылдайды. Елдердің үштен бірінде үкіметтер шешім қабылдау процесіне де қатысады. Жұмыс берушілер шешім қабылдауға тек 5 елде қатысады (Андорра, Босния және Герцеговина, Беларусь, Черногория және Польша). Сапаны қамтамасыз ету агенттіктері 14 елде қатысады. Кәсіби қауымдастықтар 4 елде қатысады, ал студенттер шешім қабылдау процесіне тек 3 елде қатысады.

Университеттерде автономия болған жағдайда ғана университеттер арасындағы бәсекелестік артады. Сонымен қатар білім бағдарламасын әзірлеуге студенттер немесе жұмыс берушілер араласса білімнің сапасы артады. АҚШ-тағы университеттердің көбісі автономия арқылы әлемдегі ең үздік университеттерге айналды. Қазақстан да осы тәжірибені қолдана алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанда қазіргі таңдағы жоғары білім беру саласын зерттеу барысында біршама өзекті мәселелер бар екеніне көз жеткіздік. Олар:

- Жоғары білім беру орындарының аздығы;
- Халықтың осал топтарына жоғары білім қолжеткізімсіз болуы;
- Жоғары білімге беретін несиенің дамымауы;
- Университтер арасында бәсекелестіктің болмауы;
- Университтер мен колледждердегі интернет желісіне қосылған компьютер сандарының аз болуы;
- Жалпы жоғары білім саласындағы қаржыландырудың аз болуы.

Бұл мәселелерді шешу үшін шетелдік білім беру жүйесінің тәжірибесінен үлгі алуды ұсынамыз. Әсіресе АҚШ және Еуропа мемлекеттерінің тәжірибелері Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі мәселелерді шеше алады. Біріншіден, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан студенттерге жоғары білім алуды қолжетімді ету үшін гранттар санын көбейту. Ол гранттар тек кедей отбасынан шыққан студенттерге арналған. Мысалы, Германияда жоғары білім орындары тегін. Жеке университеттерге түскісі келген кедей отбасынан шыққан студенттерінің 50 % ақысын мемлекет төлейді. Екіншіден, студенттік несиені дамыту. Студенттік несие АҚШ және Ұлыбританияда өте жақсы дамыған. Қазақстанда жоғары білім орындарының ақысы жылдан жылға көтерілуде. Көбіне студенттің отбасы оқу ақысын төлей алмауы мүмкін. Сол жағдайда студенттік несие көмектесе алады. Үшіншіден, сапасына және заман ағымына сай мамандықтарды дайындайтын университеттердің санын көбейту. Ол үшін шет мемлекеттердегі университеттердің филиалдарын ашу және шет мемлекеттерден студенттерді тарту қажет. Төртіншіден, жоғары білімге бөлінетін қаржыландыруды арттыру. Өкінінішке қарай, жоғары білім саласы көп қаржыландыруды қажет етеді. Білімге жұмсалған қаржы әрқашан өзін ақтайды. Яғни, білім саласына қаржыландыруды көбейту болашақ ұрпаққа инвестиция болып табылады. Ең соңғы ұсыныс университеттерге автономия беру. Автономия арқылы университеттер арасындағы бәсекелестік артады. Бәсекелестік болған жерде тиісінше сапа артады. Сол үшін бұл маңызды. Болашақта осындай ұсыныстар қолға алынса жоғары білім беру жүйесінің сапасы көтеріледі деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назмутдинов В. Я., Яруллин И. Ф. Управленческая деятельность и менеджмент в системе образования личности. – Казань: ТРИ «Школа», 2013. – 360 с.
2. Гордин В. В Теоретические основы управленческого образования // Вестник ГУУ. – 2013. – № 19. – С. 251-257.
3. Кравченко Е. И. Социология: Общий курс: Учебное пособие для вузов. – М.: ПЕРСЭ; Логос, 2012. – 640 с.
4. Звонников В. И., Челышкова М. Б. Современные средства оценивания результатов обучения. – М.: Логос, 2017. – 224 с.
5. Алшанов Р. Пути интеграции Казахстана в мировое образовательное пространство // Столичное образование. – 2003. – № 3-4-5. – С. 16-17.
6. Лиферов А. П. Глобальное образование-путь к интеграции мирового образовательного пространства. – М.: Пед. поиск, 2007. – 106 с.
7. Дадебаев Ж. Д. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кредиттік технологиясы және білім беру саясаты. – 2018. – 131 б.
8. Нұртазина П. А. Жаһандану жағдайындағы ПК-ның білім беру саясаты. – Алматы: Ғылым, 2014. – 319 б.
9. Лукичев, Г. А. Развитие высшего образования в арабских странах: (аналитический обзор) // Alma mater. – 2008. – № 4. – С. 48-52.
10. Нұрмағамбетов А. А. Жоғары білім беру жүйесін трансформациялау жағдайындағы Қазақстан Республикасының білім беру саясаты. – Алматы, 2012. – 200 б.

11. Назарбаев Н. Ә. Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауы, 2011, 12 ақпан [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [web-портал]. – 2011. – URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president (Қарау уақыты: 11.04.2022).
12. ҚР әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [web-портал]. – 2021. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/66/statistic/8> (Қарау уақыты: 10.04.2022).
13. Жас таланттарды қолдау мен оқытудың жаңа жолдары – ҚР БҒМ отандық білім мен ғылымды дамыту туралы [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы [web-портал]. – 2021. – URL: <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/zhas-talanttardy-koldau-men-okytudyn-zhana-zholdary-kr-bgm-otandyk-bilim-men-gylymdy-damytu-turaly-9102743> (Қарау уақыты: 10.04.2022).
14. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2020 года). – Нур-Султан: Министерство образования и науки Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2021. – 310 с.
15. Қожахметов А. Б., Арын Ә. А., Тлеужанова А. И. ҚР-дың жоғары білім беру саласы: реформалау қажет пе, қалдыру керек пе? [Электронды ресурс] // Білімді ел. Образованная страна [web-сайт]. – 2020. – URL: https://bilimdinews.kz/?p=109315#_ftn1 (Қарау уақыты: 10.04.2022).

REFERENCES

1. Nazmutdinov, V. Ya. and Yarullin, I. F. (2013). Upravlencheskaya deyatel'nost' i menedzhment v sisteme obrazovaniya lichnosti. TRI «Shkola», Kazakn, 360 p. (In Russian).
2. Godin, V. (2013). V Teoreticheskie osnovy upravlencheskogo obrazovaniya. Vestnik GUU, 19, 251-257 (In Russian).
3. Kravchenko, E. I. (2012). Sociologiya: Obshchij kurs: Uchebnoe posobie dlya vuzov. PERSE, Logos, Moscow, 640 p. (In Russian).
4. Zvonnikov, V. I. and Chelyshkova, M. B. (2017). Sovremennye sredstva ocenivaniya rezul'tatov obucheniya. Logos, Moscow, 224 p. (In Russian).
5. Alshanov, R. (2003). Puti integracii Kazahstana v mirovye obrazovatel'noe prostranstvo. Stolichnoe obrazovanie, 3-4-5, 16-17 (In Russian).
6. Liferov, A. P. (2007). Global'noe obrazovanie-put' k integracii mirovogo obrazovatel'nogo prostranstva. Ped. poisk, Moscow, 106 p.
7. Dadebaev, Zh. D. (2018). Al-Farabi atyndagy KazUU-dyn kredittik tekhnologiyasy zhane bilim беру sayasaty. 131 p. (In Kazakh).
8. Nurtazina, P. A. (2014). Zhahandanu zhagdajyndagy PK-nyn bilim беру sayasaty. Gylym, Almaty, 319 p. (In Kazakh).
9. Lukichev, G. A. (2008). Razvitie vysshego obrazovaniya v arabskih stranah: (analiticheskij obzor). Alma mater, 4, 48-52 (In Russian).
10. Nurmagambetov, A. A. (2012). Zhogary bilim беру zhuiesin transformaciyalau zhagdajyndagy Kazakstan Respublikasynyn bilim беру sayasaty. Almaty, 200 p. (In Kazakh).
11. Nazarbaev, N. A. (2011). Kazakstan halkyna dasturli Zholdaуy, 2011, 12 akpan. (2011). Official site of the President of the Republic of Kazakhstan. Retrieved April 11, 2022, from https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president (In Kazakh).
12. KR aleumettik-ekonomikalyk korsetkishteri. (2021). Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Retrieved April 10, 2022, from <https://stat.gov.kz/official/industry/66/statistic/8> (In Kazakh).
13. Zhas talanttardy koldau men okytudyn zhana zholdary – KR BGM otandyk bilim men gylymdy damytu turaly. (2021). Official information resource of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan. Retrieved April 10, 2022, from <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/zhas-talanttardy-koldau-men-okytudyn-zhana-zholdary-kr-bgm-otandyk-bilim-men-gylymdy-damytu-turaly-9102743> (In Kazakh).

14. Nacional'nyj doklad o sostoyanii i razvitii sistemy obrazovaniya Respubliki Kazakhstan (po itogam 2020 goda). Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Information and Analytical Center JSC, Nur-Sultan, 310 p. (In Russian).

15. Kozhakhmetov, A. B., Aryn, A. A. and Tleuzhanova A. I. (2020). The sphere of higher education of the Republic of Kazakhstan: is it necessary to reform or leave it? Educated country. Retrieved April 10, 2022, from https://bilimdinews.kz/?p=109315#_ftn1 (In Kazakh).

POSSIBILITIES OF APPLYING THE EXPERIENCE OF FOREIGN COUNTRIES IN THE DEVELOPMENT OF THE HIGHER EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN

A. N. Zhanbyrbaeva¹, R. A. Kuzembekova¹, L. M. Baitenova^{2*}

¹Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

²Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev, Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the article is to study innovative trends in the development of the global education system and the possibility of their implementation in Kazakhstan.

Methodology. The authors used the methods of systematic, abstract, comparative research, analysis of quantitative data. The information base of the research is the National Bureau of Statistics and other official sources of information, data on the results of previous research.

The originality / value of the study. The actual problems of the development of the system of higher education in Kazakhstan and the possibility of applying the experience of foreign countries to solve them are determined.

Findings. Recommendations have been developed to promote the innovative development of the higher education system of Kazakhstan based on the experience of foreign countries.

Keywords: higher education system, problems of the education system, innovative trends, foreign experience.

ВОЗМОЖНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ОПЫТА ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАН В РАЗВИТИИ СИСТЕМЫ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА

А. Н. Жанбырбаева¹, Р. А. Кузембекова¹, Л. М. Байтенова^{2*}

¹Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

²Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева, Алматы, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель статьи – исследование инновационных тенденций развития мировой системы образования и возможности их внедрения в Казахстане.

Методология. Авторы использовали методы систематического, реферативного, сравнительного исследования, анализа количественных данных. Информационной базой исследования являются Национальное бюро статистики и другие официальные источники информации, результаты предыдущих исследований.

Оригинальность / ценность исследования. Определены актуальные проблемы развития системы высшего образования Казахстана и возможности применения опыта зарубежных стран для их решения.

Результаты исследования. Разработаны рекомендации по продвижению инновационного развития системы высшего образования Казахстана на основе опыта зарубежных стран.

Ключевые слова: система высшего образования, проблемы системы образования, инновационные тенденции, зарубежный опыт.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Жанбырбаева Ардак Нуржауовна – PhD докторы, ассистент профессор, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: ardak.zhanbyrbaeva@narхоз.kz

Кузембекова Роза Абдымұталиповна – аға оқытушы, Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: roza.kuzembekova@narхоз.kz

Байтенова Лаура Маратқызы – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ғұмарбек Даукеев атындағы Алматы Энергетика және Байланыс Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: baytenova.laura@bk.ru*

МРНТИ 06.61.33

JEL Classification: I25, R10

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-2-68-82>

РОЛЬ УНИВЕРСИТЕТОВ В РАЗВИТИИ РЕГИОНОВ

З. Т. Абдукаримова¹, С. Мұхамеджанұлы^{2*}, Ш. У. Ниязбекова³

¹Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати, Тараз, Республика Казахстан

²Университет Нархоз, Алматы, Республика Казахстан

³ Финансовый университет при Правительстве Российской Федерации, Москва, Россия

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются правовые и организационные вопросы роли университетов в развитии регионов.

Цель исследования – определить модели сотрудничества университетов в развитии регионов.

Методология. В ходе исследования были использованы логические и формально-правовые методы анализа отдельных нормативных правовых актов Республики Казахстан. Изучено законодательство Республики Казахстан, регламентирующее вопросы стратегического планирования, собственности университетов как юридических лиц, миссий университетов и достижения заявленных целей, организационно-правовая форма университетов, органы корпоративного управления, требований, предъявляемых к членам совета директоров университетов.

Наряду с этим настоящее исследование опирается на международные публикации сфере проектного менеджмента высшего образования, места стратегии развития в достижении целей устойчивого развития.

Оригинальность / ценность исследования. Исследование построено на анализе лучших университетов Казахстана по результатам рейтингов IQAA-2021, поскольку именно эти университеты показали хорошую практику взаимодействия с регионами. Наряду с этим были установлены слабые и сильные стороны такого взаимодействия для определения дальнейшего пути развития.

Результаты исследования. Проведенное исследование показало, что казахстанские вузы в своем большинстве не совсем ясно понимают роль университетов в развитии регионов и выполнении социальной функции. Недостаточно ясное понимание возложенной на университет обществом функции приводит к тому, что университеты не видят ключевых приоритетов в таком сотрудничестве. В ходе